



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2024 ж.

№ 32, 5-т.

**Атырау облыстық кәсіподақ ұйымында
ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы**

Орталық Комитет Аппаратының бөлім басшысы Е. Иманбаевтың «Атырау облыстық кәсіподақ ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Кәсіподақтың Атырау Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Қылышбай Сүндетұлының Атырау облыстық кәсіподақ ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің басқару органдары:

- заманауи әдістер мен талаптарды ескере отырып, облыстық ұйымның ақпараттық жұмысын одан әрі жетілдірсін;

- ақпараттық-насихаттық жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

- бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға ұсынылатын ақпараттық материалдардың сапасы мен мазмұнын жақсартсын;

- әлеуметтік желілерде және сайтта кәсіподақ мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және басқа да қабылданған шаралар туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде жарияласын;

- Кәсіподақтың Орталық Комитетінің әлеуметтік желісіне және сайтына жарияланатын ақпараттардың санын көбейтсін;

- Салалық кәсіподақ қызметі туралы қызметкерлерді жедел хабардар ету үшін Кәсіподақтың Орталық Комитетінің сайты және Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалансын;

- кәсіподақ қызметінің маңызды және өзекті мәселелері бойынша кәсіподақ органдары басшыларының журналистермен баспасөз

конференцияларын, кездесулерін және брифингтерін жүйелі түрде өткізуді тәжірибеге алсын;

- ақпараттық жұмыстарға жүйелі түрде мониторинг жүргізсін.

3. «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасы Қылышбай Сүндетұлы осы Қаулының орындалуы туралы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратына ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева